

Мәртөк аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 53 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 қарашада № 8430 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Мәртөк аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәртөк аудандық мәслихатының келесі:

1) "Мәртөк ауданы бойынша жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 17 ақпандағы № 111 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3819 болып тіркелген);

2) "Мәртөк аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 ақпандағы № 111 "Мәртөк ауданы бойынша бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 85 шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәртөк аудандық
мәслихатының төрағасы*

Т. Көлкебаев